

**Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі**

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Јýsan Банктің АТФ Банкті иеленуі туралы

Алматы қ.

2020 жылғы 30 желтоқсан

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес «АТФ Банк» АҚ-тың Јýsan тобына қосылуы бойынша мәмілені іске асыру үшін Агенттік «Јýsan Банк» АҚ-қа АТФ Банктің 99,76% акцияларын сатып алуға және «АТФ Банк» АҚ-тың ірі акционері Ғ.Ш. Есенов мырзаға Јýsan Банктің 19,97% акцияларын иеленуге келісім берді. Сонымен бірге мәмілеге қатысушылар АТФ Банктің еншілес ұйымы, «Оптима Банк» АҚ-қа қатысты Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкінің тарапынан акционерді ауыстыруға қажетті рұқсаттар алды.

Банктердің бірігуінің қаржылық моделі қосылу мен бірігудің классикалық моделіне (M&A) сәйкес келеді, онда банктің 124 млрд теңге мөлшеріндегі меншікті капиталы қосымша провизиялар құру үшін пайдаланылды. Жұмыс істеп тұрған акционер шығындарды өтегеннен кейін Јýsan Банк АТФ Банкті 97 млрд теңге сомаға үстеме капиталдандыруды жүзеге асырып, реттеушінің талаптарына сәйкес капиталдың жеткілікті деңгейін қалыптастырды. Мәміленің қорытындысы бойынша АТФ Банк провизиялардың қажетті көлемін құрды, оның капиталы мен өтімділігінің жеткілікті қоры бар, бұл ұзақ мерзімді болашақта банктің қаржылық орнықтылығын және тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Агенттік Қазақстанның аса ірі банктерінің бизнес-модельдерін біріктіру банк секторының тұрақтылығын арттыруға және екі банктің қаржылық әрі технологиялық артықшылықтарын пайдалану есебінен халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға ықпал етеді деп есептейді. Јýsan Bank және АТФ Банк активтерінің жиынтық көлемі 3 трлн теңгеге жуық, ал екі банктің жалпы нарықтық үлесі банк секторы активтерінің 10%-ына жетеді деп күтіледі.

Јýsan Bank және АТФ Банктің ағымдағы қызметі, сондай-ақ банктердің клиенттері үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі уақтылы және толық көлемде жүзеге асырылады.

ҚНРДА Сыртқы коммуникациялар басқармасы

+7 (727) 2 737 1090

e-mail: PRESS@finreg.kz